

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мәжіліс Парламентта
«__» _____ 20 __ года

2024 жылғы 22 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

Депутаттық сауал

Құрметті Олжас Абайұлы!

Бүгінгі таңда мүгедектігі бар тұлғаларға бакалавриатта оқуы үшін 1 пайыздық арнайы білім гранты үйлестірілген. Бірақ ол тек қана 1ші және 2ші топтағы мүгедектігі бар азаматтарға ғана беріледі. Сонымен қатар ол педагогикалық және гуманитарлық мамандықтарға ғана үйлестірілген. Онда мүгедектігі бар тұлғаларға білім беретін азаматтарды ғана дайындайды.

Себебі, бір аяғы не бір қолы жоқ, есту, сөйлеу қабілеті нашар азаматтар 3ші топтағы мүгедектікке жатады. Сол себепті олар арнайы білім грантына қатыса алмайды. Олар да толыққанды білім алуы үшін грант бөлінуі керек емес пе. Бірақ бұл топтағы азаматтарды арнайы білім грантына қосқан күннің өзінде ол жетпейді, себебі бүгінде елімізде 725 мың мүгедектігі бар азаматтар бар, оның 62 пайызы жастар. Бүгінгі статистика бойынша жылына 11 мың балада мүгедектік расталады екен. Бұның ішіне ДЦП мен аутизммен ауыратындар кірмейді. Өкінішке орай бұндай балалар күннен күнге артуда.

Сондықтан олар қоғамда тең құқылы болуы үшін жоғары білім алуы керек. 357 бұйрыққа 3 ші топтағы мүгедектігі бар азаматтарға да арнайы білім грантын беру керек деп есептеймін. Оған жеткілікті грант ұйымдастыра білуіміз қажет және де кәсіптік бағдар беру жұмысын жасай білуіміз керек. Сол себепті грант мәселесі өте өзекті. Біз барлық мамандықтарға 2 пайызға дейін грант үйлестіруіміз қажет. Оған себеп Қ. Сатпаев атындағы техникалық университетінде 18 білім бағдарламасы мүгедектігі бар азаматтар үшін жасақталған болса, Тынышпаев атындағы университетте барлық мамандықтар бойынша білім бағдарламасы

жасақталған. Әуезов университетінде көптеген білім бағдарламасы бейімделген. Осыларды мысалға ала отырып мүгедектігі бар азамат кез келген мамандықта оқуға құқығы бар және оқи алады деп есептейміз. Осыларды мысалға ала отырып мүгедектігі бар азамат кез келген мамандықта оқуға құқығы бар және оқи алады деп есептейміз.

Екіншіден магистратура және доктарантурада мүмкіндігі шектеулі азамат ғылыммен айналысады дегенге толық негіз бар. Себебі, бүгінгі күні өздігінен магистратурада, доктарантурада оқып та жатыр, докторлық диссертациясын да қорғап, профессорлық атағын да алып жатыр. Оның мысалы ретінде өзімді айтсам да болады. Күні кеше ғана Қазақстанның мүгедек жастар қоғамының сұрауы бойынша да, магистратураға оқуға сұраныс бар. Ол жерде ешқандай жеңілдік керек емес, тек мүгедектігі бар азаматтарға 1 пайыздық грантты бөліп, емтихан тапсыруға тиісті жағдай жасалуы керек. Және зағип жандарға суфлерін қосып 40 минутқа көбейту керек. Егер арнайы грантты мүгедектігі бар азаматтарға бөлетін болсақ, білім бағдарламасы да автоматты түрде жасақталатын болады.

Үшіншіден, 25 жылдық тарихы бар «Болашақ» бағдарламасы бойынша бүгінгі күнде бір ақ азамат грантты иеленген. Министр Саясат Нұрбектің бастамасымен Саида Қалыкова музыкадан Италияға магистратураға оқуға жіберілген болатын. Бірақ бұнда мүгедектігі бар дарынды жасқа екі гранттың қаражаты бөлінеді. Бірақ ол қаражатты бөлу тұрарлық па? Әрине тұрарлық. Себебі Саида Қалыкова зағип жан, екі адамның грантымен барды, оқуын аяқтағаннан кейін жұмысын қорғар кезде екі санат жоғары ғылыми атақ берілген. 8 млрд адамның ішінен 52 адам ғана иеленген әлем академигі атағы. Оны АҚШ, Англия, Италия, Испания, Франция секілді бес мемлекет қосылып осындай атақ береді. Бұл осындай үлкен дәрежесі бар азаматшаның мысалы. Және Кенжеғұл Социалұлы, бакалаврың Англияда, магистратурасын Японияда бітірген. Демек, шет елде оқи алатын да, оны қорғап бітіре алатын да бұндай азаматтар бар екенін осы мысалдан ақ көруге болады. Осы орайда «Ауыл» партиясы да ауыл жастарының «Болашақ» бағдарламасы арқылы оқуына өз үлестерін қосып, олармен меморандумға да отырып, үлкен жұмыстың атқарылуына мұрындық болып жүр. Бұған мүгедектігі бар азаматтарды қосса деген тілегімізде бар. Міне, шет мемлекеттерді мысалға алмай ақ, өз еліміздегі дарынды жастарды мысалға ала отырып, оларды «Болашақ» бағдарламасы арқылы оқыту керек деп есептейміз.

Осы айтылғандарға орай ұсынамын:

1. Бакалавриатта білім алу үшін мүгедектігі бар тұлғаларға 2 пайызға дейін грант ұлғайтылсын және 1-2 топтағы мүгедектігі бар азаматтардың қатарына 3-ші топты қосу көзделсін.

2. Магистратурада, доктарантурада оқуы үшін 1 пайыздық грант енгізілсін.

3. Мүгедектігі бар жастарды шет елде білім алуы үшін «Болашақ» бағдарламасы арқылы оқыту жасақталсын.

Құрметпен,

«Ауыл» партиясының фракция депутаттары:

**Т. Серіков
А. Баққожаев
Н. Арсютин
Қ. Әбден
Ж.Дайрабаев
С.Егізбаев
А. Зейнуллин
Е. Саурықов**

«AMANAT» партиясының фракция депутаты:

**Е. Әбдиев
В. Ким**

**«Қазақстан Халық Партиясы»
партиясының фракция депутаты:**

Г. Танашева

**«Жалпыұлттық социал-демократиялық
партиясының фракция депутаттары:**

А. Сағандықова

*Орынд. Н. Аубакиров
тел. 74 67 54*